

10 – лекция: **«Қанапия мен Шәрбану» және жастар теңдігі туралы идеялар**
Жастар теңдігі туралы тақырыптар
Күрес идеяларының көріністері

Б.Құндақбаев Жүсіпбек пьесаларының басқа драматургтердің еңбектеріне ұқсамайтын ерекшелігі есебінде психологиялық толғанысты ашудың өзгеше жолына назар аударады. «Оның барлық пьесалары шымылдығының ашылуы жеке кейіпкерлердің психологиялық толғанысынан бастау алады. «Рабиғада» оқиға өзімен-өзі іштей арпалысып отырған Рабиғаның монологінен басталса, «Ел қорғанында» Оқығанның әңгімесінен, «Қанапия— Шәрбануда» Шәрбанудың шешесі Үмсынайдың уайымға толы үрейлі монологінен, «Мансапқорларда» болыс сайлануды армандаған Мүсілімнің айла-тәсілінен, ішкі жоспарынан басталады. Осылай басты кейіпкердің сөзінен немесе монологтерінен басталған пьесаның әрекеті ширақ, кейіпкерлері барлық, оқиғалардың түйінін шешіп, соның тізгінін пьесаның аяғына дейін (аталған мақала, 21-бет) ұстап отырады».

Жүсіпбек пьесаларындағы адам сезімінің ішкі иіріміне, оның нәзік қылдарын баса білген шеберлігіне көңіл аудара қарасақ, Б.Құндақбаев байқаған жазушы ерекшелігі туралы ойлардың шындығына көзің жетеді. Әдет-салтқа мойынсұнып шалға барған жас келіншек Рәбиғаның ішкі ой-сезімін Ахметтің әні талқандап кетеді. Теңіне қосыла алмай қалған Рәбиға, ендігі жерде іске аспаған арманына ой жіберіп, шалының дөкір, тұйық мінезін міней бастайды. «Тым болмаса жарқылдап отырса, кедейлігі де, шалдығы да білінбес еді», — деп ойлайды. Оны рухани үйлесе алмаушылық, жалғыздық қинайды. Осы жайлар жас әйелді өзіне тең емес адамнан кетуге итермелейді.

«Қанапия—Шәрбану» пьесасында сүйіскен екі жастың қосыла алмау шырғалаңы 1916 жылғы июнь жарлығы кезіндегі әлеуметтік тартыстар жағдайында өтеді. Шәрбанудың әкесі Исатай ер баласы Ынтықбайды солдаттан қалдыру мақсатымен қызы Шәрбануды Сазанбай байға тоқалдыққа береді. Мұның кедей адамның басындағы еріксіз болған трагедиялық оқиға екені, байдың уақытты пайдаланып жасаған зорлығы пьесада орынды ашылады. Елдің барлық ниеті — Қанапия мен Шәрбану жағында. Пьеса соңында солдаттан қайтқан Қанапия Шәрбануды алып қашып, жаңа өкіметті паналайды. Бірақ жазушы таптық қайшылықты оршіте, шиеленістіре бермейді. Сазанбай жастардан жасаған қателігі үшін кешірім сұрайды. Бұл — Жүсіпбектің үстем таптың кейбір зорлық мінездерін надандықтан көріп, оларды ағарту, түсіндіру жолымен жөндеуге болады деген ойларының, қазақты жалпылама бөлмей қарауға тырысқанының көрінісі болса керек.